

Бекітемін _____
«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі Қ.С. Бектұрғанова
«28» тамыз 2023 жыл



Келісемін: _____
«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының
әдіскері Ж.К. Тоқсанбаева
«28» тамыз 2023 жыл

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ және
МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫ негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған
«Жауқазын» ерте жас тобының ұйымдастырылған іс-әрекеттің
ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Бекітемін: Бег
«Шұғыла» бөбек жетілдіру орталығының
меңгерушісі К.С. Бектурганова
28 тауыс 2023 жыл



**«Жауқазын» ерте жас тобының 2023-2024 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ КЕСТЕСІ**

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
1. Дене шынықтыру	10:40		10:40		10:40
Дене шынықтыру **	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
2. Сөйлеуді дамыту	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
3. Көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
4. Сенсорика	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
5. Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
6. Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
7. Музыка				10:40	
Музыка***	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай - балабақшасы

Топ: «Жауқазын» ерте жас тобы

Балалардың жасы: 1 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Тепе-теңдікті сақтау жаттығулары. Еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта топпен жүру. Нысанға дейін тура жолдың бойымен 2-3 метр жүру. Еденде жатқан арқаннан аттап өту.</p> <p>Жүру. Әртүрлі бағытта және шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша жүру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Орындықтың астымен төрттағандап еңбектеп өту.</p> <p>Домалату, лақтыру. Допты бір қолмен және екі қолмен ұстау, әр-түрлі доптар мен шарларды жинау. Оларды өз беттерінің себетке жинап салу. Екі қолмен алға лақтыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды жоғары көтеріп, төмен түсіру, қолды алға созу. Саусақтарды жұмып ашу. Ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, заттарды бір-біріне беру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру, тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, тамақтанып болғаннан кейін майлықты қолдану, орындықты жылызғыту, алғыс айту.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Суреттерден ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін ойыншықтарды табу заттарды, киімдерді, ыдыс – аяқтарды табу және көрсету. Өз дене мүшелерін дене мүшелерін (қол, аяқ, бас, құлақ, ауыз, көз) сөздерін түсіну.</p> <p>Белсенді сөйлеуді дамыту. Дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен ауыстыруға айтуға баулу (бә-бота, мә-қозы, мө-бұзау).</p>
	Көркем әдебиет	<p>Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықтарын ояту. Шағын мазмұны түсінікті өлеңдерді, тақпақтарды, бесік жырларын тыңдату. Көрнекіліксіз таныс мазмұны қарапайым шығармаларды тыңдау, олардың мазмұнына эмоциямен жауап беру. Ересектердің көмегімен тақпақтарды, ертегілердің мазмұнын қайталап айту. Кітаптағы суреттерді өз беттерінің қарауға, ондағы кейіпкерлерді көрсетуге мүмкіндік беру.</p>
	Сенсорика	<p>Заттарды өлшемі немесе пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау. Заттардың көлеміне (үлкен, кіші,) (домалату, төсеу) бағдар жасай отырып, әр – түрлі әрекеттер жасау.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Баланың өзіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Фотосуреттерден өзін және құрдастарының суреттерін табу. Гүлдеп тұрған өсімдікті бақылау, оның бөліктерін көрсету. Ата-анасы мен өзіне жақын отбасы мүшелерін тану (ата, әже, ана, әке, аға).</p>
	Мүсіндеу	<p>Балалардың мүсіндеуге қызығушылықтарын арттыру. Сазбалиықтармен таныстыру. Ермексаздың, сазбалиықтың кесектерін алақан арасында домалатып, шарлар жасау, жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндеу.</p>
	Музыка	

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай - балабақшасы

Топ: «Жауқазын» ерте жас тобы

Балалардың жасы: 1 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Жүру және теңе-теңдікті сақтау жаттығулары. еденнен бір шеті 15-20 см жоғары қойылған тақтайдың үстімен өтуге үйрету. еденнен 12-18 см жоғары көтерілген таяқтан аттап жүру. Еңбектеу, өрмелеу. 35-40 см жоғары қойылған арқанның астынан еңбектеп өту. Домалату, лақтыру. Допты шағын төбешіктен домалату.Допты тәрбиешіге, балаға домалату және лақтыру. Допты алға, жоғары лақтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды арқаға қою, қолды айналдыру. Отырып және тұрып оңға, солға бұрылу. Гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру. Түбекке сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Күнделікті өміріне байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсіну,тұрмыстық жағдаяттарды суреттейтін 1-3 әрекетті көрсету. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Жануарлардың қимылын (лақ секіреді) дауыстарын (бұзау мөңірейді, мөөө) адамның қимылдарын (билейді, жүгіреді, жүреді) білдіретін сөздерді түсіну. Белсенді сөйлеу. Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, қоштасу, рахмет айту). Дыбыстық тіркестерді жалпы қолданыстағы сөздермен ауыстыруға (бә-бота, мәә-қозы, мөө-бұзау, мияу-мысық, аб-аб-ит) жеңіл сөздерді айтуға үйрету.
	Көркем әдебиет	Мазмұны түсінікті шығармаларды, ертегілерді, тақпақтарды тыңдату. Жалпақ және көлемді кітаптарды қарауға тарту. Шығарма мәтінінің кейбір сөздерін қайталау және ойын әрекеттерін орындау.
	Сенсорика	Балалардың сенсаорлық тәжірибесін байытуды жалғастыру. Өлшемі бойынша заттарды ажырата білуге үйрету. Күрделі заттармен әрекеттерді орындау. Дидактикалық ойыншықтармен өз беттерінің ойнауға мүмкіндік беру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Қоршаған ортадағы жануарларға, құстарға қызығады, олардың дене бөліктерін көрсетеді. Дауыстарын салады, қимылдарын ойындарда қайталайды. Өсімдіктер мен жануарларға қызығушылық танытады, оларға қамқор болуға тырысады. «болады», «болмайды» сөздерінің мағынасын түсінеді. Өлі табиғат заттарының қасиеттерін (су, құм, тас) ойын арқылы түсіну (суды құю, төгу, шашу).
	Мүсіндеу	Балаларға ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Оларға ермексазды алақан арасына салып, жалпақ пішіндер құрастыруға дағдыландыру. Тазалықты сақтауға үйрету. Балаларды жалпақ пішінді мүсіндей білуге үйрету. Материалдарды дұрыс пайдалана білуге үйрету.
	Музыка	

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай - балабақшасы

Топ: «Жауқазын» ерте жас тобы

Балалардың жасы: 1 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Жүру және теңе-теңдікті сақтау жаттығулары Ересектердің көмегімен гимнастикалық 25-30см тақтай бойымен жүру, еденде жатқан лентадан аттап өту. Домалату. Допты бір қолмен және екі қолмен ұстау, көлемдері әртүрлі доптар мен шарларды жинау, оларды өз бетінше себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату, допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату (отырып, тұрып), допты (диаметрі 6–8 сантиметр) төменге, қашықтыққа лақтыру. Еңбектеу, өрмелеу. Диаметрі 15-20см бөренеден аттап өту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Балаларды шынықтыруды ауа, су шараларымен, серуен кезінде ультракүлгін сәулелердің әсерлерімен жүзеге асыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Суреттерден ересектердің айтқан сөзіне сәйкес келетін ойыншықтарды табу. Заттардың түстерін (қызыл, көк), қарама-қарсы өлшемдерді (үлкен, кіші), фигураларды (тектік, кірпіш) білдіретін сөздерді түсіну. Белсенді сөйлеу. Күнделікті жиі қолданатын таныс заттар мен ойыншықтардың, тағам атауларымен (ботқа, су, сүт), белгілі қимылдарды (ал, бер, аш, тұр, жібер, ұйықта, бар) білдіретін сөздермен толықтыру.
	Көркем әдебиет	Мазмұны түсінікті әңгімелерді тыңдауға үйрету. Кітаптағы таныс суреттерді қарауға мүмкіндік беру. Қарапайым әрекеттерді дыбысқа еліктеу мен ойын әрекеттерін орындау.
	Сенсорика	Заттардың көлеміне бағдар жасай отырып, әр-түрлі әрекеттер жасау (ашу-жабу, өткізу-шығару). Бір текті заттарды пішіні бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Қоршаған ортаның заттары мен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту. Өлі табиғат заттарымен таныстыру (су, құм, тас). Өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Өзара келісім бойынша ойыншықтарын тартып алмай, ойындарына жағдай жасау (сұрап алу).
	Мүсіндеу	Дөңгелек пішіндерді құрастыруға үйрету. Материалдарды ұқыпты қолдануға үйрету. Дөңгелек пішіндерді мүсіндеу білуге үйрету. Өз қалаулары бойынша пішіндер құрастыру.
	Музыка	

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай - балабақшасы

Топ: «Жауқазын» ерте жас тобы

Балалардың жасы: 1 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Тепе-теңдікті сақтау жаттығулары. Әр-түрлі бағытта аяқтың ұшымен жүру. Ересектердің көмегімен гимнастикалық тақтай бойымен жүру.</p> <p>Еңбектеу. Доганың астынан төртағандап еңбектен өту.</p> <p>Лақтыру, дамалату. Екі қолмен әр түрлі тәсілдермен допты жоғары лақтыру. Доптарды бір-біріне дамалату.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың алақандарын жоғары, төмен қарату. Заттарды бір-біріне беру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Ауа ванналарын күніне бірнеше рет киіну- шешіну кезінде қолдану (ауа ванналарының ұзақтығын 2-3 минуттан, 6-10 минутқа дейін ұзарту).</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Күнделікті өміріне байланысты қаратайым сөз тіркестерін түсіну, өтініштерді орындау, ойыншықтармен күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. Суреттерден ересектің айтқан сөзіне сәйкес келетін ыдыс-аяқтарды табу. Тұрмыстық жағдаяттарды суреттейтін 3-4 әрекеттерді көрсету.</p> <p>Белсенді сөйлеу. Ересектердің сөздерін тыңдауға, «Бұл кім?», «Бұл не?», «Не істеді?» деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге, ыммен, қимылдар арқылы көрсетуден біртіндеп сөзбен айтуға көшіруге, екі сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға баулу.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Шығарма мәтінінің кейбір сөздерін қайталау. Үстел үсті театрларын өз бетінше ойнау. 2-3 сөзден тұратын тіркестерді құрастыруға, грамматикалық түрлерді қолдануға үйрету.</p>
	Сенсорика	<p>Заттарды пішініне қарай сәйкес ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау. Тік өзектегі пирамидаға бір өлшемді сақиналарды жинау. Шағын және ірі құрылыс материалдармен өз беттерінше ойнауға мүмкіндік беру. Ересектердің көмегімен үлкеннен кішісіне қарай 4-5 сақинадан тұратын пирамидаларды жинау.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Балалардың қоршаған ортамен танысуына, бейімделуіне, ересектермен және құрдастармен мейірімді қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау. Ата-анасы мен жақын отбасы мүшелерін таныу (анасы, әкесі, атасы, ағасы, апасы). Ересектердің дауысын тыңдау, қимылдарына еліктеу, одан көмек сұрау. Өзара әрекет етуге баулу.</p>
	Мүсіндеу	<p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін үйрету. Ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану. Жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.</p>
Музыка		

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай - балабақшасы

Топ: «Жауқазын» ерте жас тобы

Балалардың жасы: 1 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 оқу жылы қаңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Жүру және теңе-теңдік сақтау. Ересектердің көмегімен биіктігі 10-15 см модульге шығу және түсу. Өрмелеу, еңбектеу. Биіктігі 1 метр шағын саты бойымен жоғары өрмелеу, 2 метр қашықтыққа дейін құрсаудан еңбектеп өту. Домалату, лақтыру. Допты шағын төбешіктен домалату. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдарын жоғары көтеріп, оңға және солға бұрылу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өзі отырып, одан өзі тұру, тамақты төгіп-шашпай ұқыпты ішу, тамақтанып болғаннан кейін майлықты қолдану, орындықты жылжыту, алғыс айту.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың түсін (қызыл, көк,) білдіретін сөздерді түсіну. Белсенді сөйлеу. Күнделікті пайдаланатын ойыншықтармен таныстыру. Екі сөзден тұратын сөйлемдерді айтуға баулу. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Дене мүшелерін білдіретін сөздерді, заттардың күйін білдіретін сөздерді түсіну (таза, кір).
	Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықтарын ояту. Мазмұны түсінікті бесік жырларын, қарапайым шығармаларды тыңдау, олардың мазмұнына эмоциямен жауап беру.
	Сенсорика	Заттарды өлшеміне қарай ұяларға орналастыруға арналған тапсырмаларды орындау. Бағдар жасай отырып, әрекеттер жасауға үйрету. Өлшемі бойынша заттарды ажырата білу, ересектердің көмегімен 4-5 сақинадан тұратын пирамидалар жинау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың ортаға деген қызығушылықтарын ояту. Құрдастарына жағымды қарым-қатынас таныту (күлімсіреу, қолын бұлғау). Құрдастарымен өзара келісім бойынша ойыншықтарын тартып алмай, келісімге келу. Өзара әрекет етуге баулу.
	Мүсіндеу	Ермексаздың кесектерін алақан арасына салып, домалатуға үйрету. Жалпақ пішінді мүсіндеу білуге баулу.
	Музыка	

Білім беру ұйымы: «Шұғылда» бөбекжай - балабақшасы

Топ: «Жауқазын» ерте жас тобы

Балалардың жасы: 1 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 оқу жылы ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Жүру және тепе-теңдікті сақтау жаттығулары. Ересектердің көмегімен ені 25-30 см гимнастикалық тақтай бойымен жүру. Таяқтардың арасымен топпен жүру. Еңбектеу. 35-40 сантиметр жоғары қойылған арқанның астынан еңбектеу. Домалату, лақтыру. Бала кеудесінің деңгейінде тартылған лентадан допты асыра лақтыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Суреттерден ересектердің айтқан сөзіне сәйкес келетін киімдерді көрсету. Түсінетін сөздер қорын кеңейту. Заттардың қалауын білдіретін сөздерді түсіну (тамақ ішу, су ішу, ұйықтау). Заттардың өлшемін (үлкен, кіші) білдіретін сөздерді түсіну. Белсенді сөйлеу. Сөздік қорды ойыншықтар, киімдер, ыдыстар, көлік түрлерін білдіретін зат есімдермен, тұрмыстық (киіну, жуыну), ойын (ойнау, салу, домалату, тебу) әрекеттерін білдіретін, қарама-қарсы мағыналы (ашу-жабу, бару-келу, алу-салу) етістіктермен, заттардың түсін, пішінін білдіретін сын есімдермен толықтыру.
	Көркем әдебиет	Көркем әдебиетті қабылдауға қызығушылықтарын ояту. Мағынасы түсінікті әңгімелерді оқып беру. Мәнерлеп сөйлеуге қызығушылықтарын ояту. Ересектердің көмегімен тақпақтарды қайталап айту. Мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.
	Сенсорика	Екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау. Әр –түрлі ашу-жабу, домалату әрекеттерін жасау. Күрделі заттармен әрекеттерді орындау. Сақиналарды бір таяқшамен алу. Ұсақ маториканы дамыту үшін, заттармен әрекет жасау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту. Өлі табиғат заттарымен таныстыру (су, құм, тас). Өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушылықтарын ояту, оларға қамқор болуға баулу. Қарапайым ережелермен таныстыру.
	Мүсіндеу	Сазбалишық кесектерін алақан арасына салып, шарлар жасауға, жалпақ пішінді мүсіндеу білуге, материалдарды ұқыпты пайдалануға үйрету.
	Музыка	

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай - балабақшасы

Топ: «Жауқазын» ерте жас тобы

Балалардың жасы: 1 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 оқу жылы наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Жүру және теңе-теңдікті сақтау жаттығулары. Тура бағытта топпен жүру. Ені 25-30 см, ұзындығы 2 метр жолдың бойымен жүру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 50см арқанның асытмен төрт тағандап өту.</p> <p>Домалату, лақтыру. Көлемдері әр-түрлі доптар мен шарларды жинау. Допты екі қолмен алға лақтыру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу және заттарды бір-біріне беру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөзді түсіну. Тәрбиеші айтқан сөздерге сәйкес келетін заттарды табу және көрсету. Өз дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсіну (ауыз, көз, құлақ, мұрын). Жануарлардың қимылын және дауыстарын білдіретін сөздерді түсіну және дыбыстық тіркестерді атау (мәз, қозы –маңырайды, мөз, бұзау –мөңірейді, мияу, мысық –мияулайды).</p> <p>Белсенді сөйлеу. Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, қоштасу, рахмет айту).</p>
	Көркем әдебиет	<p>Бесік жырларын тыңдату. Баланың жасына сәйкес, мәнерлеп оқып беру. Кітаптағы кейіпкерлерді көрсетуге мүмкіндік беру. Шығармалардығы мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Драмалық қойылымдарға қатысуға баулу.</p>
	Сенсорика	<p>Пирамидаға бір өлшемді сақиналарды реттілікпен жинау. Ұяларға арналған тапсырмаларды орындау. Естуді дамыту үшін, әр-түрлі дыбыс шығаратын заттарды ажырату.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Қоршаған ортаның табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын ояту. Олармен әрекет етуді көрсету (сумен жуыну, құммен ойнау, тастарды жинау). Қоршаған кеңістікті бағдарлау (бөлме, үй, аула).</p>
	Мүсіндеу	<p>Ермексазды алақан арасына салып, жалпақ пішінді мүсіндеу. Өз қалауы бойынша пішіндерді мүсіндеуге үйрету. Материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.</p>
	Музыка	

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай - балабақшасы

Топ: «Жауқазын» ерте жас тобы

Балалардың жасы: 1 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 оқу жылы сәуір айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Жүру және тепе-теңдікті сақтау жаттығулары. Ересектің көмегімен биіктігі 10-15 см кезьден аттап өту. Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 1 метр шағын саты бойымен жоғары өрмелеу. Домалату, лақтыру. Допты шағын төбешіктен домалату, допты тәрбиешіге лақтыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Түбекке сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Күнделікті өміріне байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсіну. Ойыншықтармен бейнелі ойындар ойнау. Таныс заттарды ересектердің көмегімен түсі бойынша таңдау. Дене мүшелерін білдіретін сөздерді түсіну. Белсенді сөйлеу. Күнделікті өмірдегі, суреттегі заттардың атын атау.
	Көркем әдебиет	Өлеңдерді, бесік жырларын тыңдату. Баланың жасына мән беру. Шығарманы оқып беру. Қарапайым шығармалардың мазмұнына эмоциямен жауап беру. Саусақ театрларын өз бетінше ойнау.
	Сенсорика	Заттардың түсіне бағдар жасай отырып, әртүрлі әрекеттер жасау. Тиісті пішіндегі екі бөліктен тұратын суреттерді жинау. 4-5 сақиналардан тұратын пирамидалар жинау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Баланың өзіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Жануарларға қызығушылықтарын ояту, оларға қамқор болуға баулу. Серуенде қауіпсіз қарапайым ережелермен таныстыру (лас заттарды ұстамау, ауызға салмау, топырақты шапшау).
	Мүсіндеу	Жалпақ, дөңгелек пішіндерді жасауды, мүсіндеу білуге үйрету. Материалдарды ұқыпты пайдалануға дағдыландыру.
	Музыка	

Білім беру ұйымы: «Шұғыла» бөбекжай - балабақшасы

Топ: «Жауқазын» ерте жас тобы

Балалардың жасы: 1 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 2024 оқу жылы мамыр айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар. Жүру және тепе-теңдікті сақтау жаттығулары. Гимнастикалық тақтай бойымен жүру. Еденде жатқан лентадан аттап өту. Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 50 см орындықтың астымен төртағандап еңбектеп өту. Шағын саты бойымен жоғары өрмелеу (биіктігі 1м). Домалату, лақтыру. Допты бір қолмен ұстап, өз бетінше себетке салу. Екі қолмен әр –түрлі шарларды домалату. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөзді түсіну. Күнделікті өмірлеріне байланысты, өтініштерді орындау. Күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. «Бұл кім?», «Бұл не?» деген қарапайым сұрақтарға жауап беруге баулу. Тағам атауларын айтуға үйрету (ботқа, сүт, су). Жануарлардың қимылын білдіретін сөздерді айту (лақ секіреді, құс ұшады) қимылмен көрсету. Белсенді сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.
	Көркем әдебиет	Өлеңдерді оқып беру. Шығарманың мәнерлеп оқып беруіне мән беру. Ондағы таныс кейіпкерлерді көрсетуге мүмкіндік беру. Жалпақ және көлемді иллюстрациялары бар кітаптарды қарауға тарту. Қойылымдараға қатысуға баулу. Дыбысқа еліктеу мен ойын әрекеттерін орындау.
	Сенсорика	Түрлі өлшемді екі топтағы сақиналарды белгілі реттілікпен жинау. Тиісті пішіндегі қақпақтарды жинау. Біртекті заттарды пішіні бойынша топтастыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Өзіне жақын ересектермен қарым –қатынас таныту. Гүлдеп тұрған өсімдіктердің бөліктерін көрсету (гүл, жапырақ). Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру (амандасу, қоштасу). Балалармен ересектердің бірлескен ойындарына жағдай жасау.
	Мүсіндеу	Балалардың мүсіндеуге қызығушылықтарын ояту. Домалақ шарлар жасау. Балаларды түрлі пішіндер жасауға, материалдарды ұқыпты пайдалануға дағдыландыру. Өз қалауы бойынша жұмыс жасауға үйрету.
	Музыка	